

Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Әдістемелік калейдоскоп» Республикалық сырттай байқауын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «**Әдістемелік калейдоскоп**» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – білім алушылардың сабақтан тыс қызметін ұйымдастырудағы педагогтердің инновациялық және эксперименттік қызметтерін дамыту және қолдау.

Міндеттері:

- 1) педагогтердің кәсіби шеберліктерін көтеруге жағдай жасау;
- 2) педагогтердің кәсіби біліктілігі мен әдістемелік сауаттылығын дамыту;
- 3) білім алушылардың сабақтан тыс қызметтерін ұйымдастыру бойынша педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату;
- 4) педагогикалық тәжірибенің ақпараттық-әдістемелік базасын толықтыру, озық педагогикалық тәжірибенің идеяларын өңірлік, республикалық деңгейде тарату.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 6 қазан мен 2016 жылғы 19 қаңтар** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайттыңда қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2016 жылғы 14 қаңтарға дейін rumcdo.konkurs@mail.ru** электронды поштаға қабылданады.

Анықтама телефоны: 8(7172)249306. Көркем-эстетикалық бағыттағы бөлім жетекшісі Асавбаева Рауза Байдрахманқызы.

7. **2016 жылға 14 қаңтардан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін **3000 (үш мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Банк Центр Кредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: «**Әдістемелік калейдоскоп**» байқауы.

Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, **rumcdo.konkurs@mail.ru** электронды пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2016 жылғы 18 қаңтарда www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар

11. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Көркем-эстетика бағытындағы сабақтан тыс қызметтің ең үздік бағдарламасы»;

2) «Әлеуметтік-педагогика бағытындағы сабақтан тыс қызметтің ең үздік бағдарламасы»;

3) «Оқушылардың ғылыми-техникалық бағытындағы сабақтан тыс қызметінің ең үздік бағдарламасы»;

4) «Оқушылардың экологиялық бағыттағы сабақтан тыс қызметінің ең үздік бағдарламасы»;

5) «Оқушылардың туристік-өлкетану бағытындағы сабақтан тыс қызметінің ең үздік бағдарламасы»;

6) «Спорттық-сауықтыру бағытындағы сабақтан тыс қызметінің ең үздік бағдарламасы».

13. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Бағдарламаға келесі тараулар енгізілуі тиіс.

Түсіндірме жазба.

Бағдарламаның өзектілігін, мақсаты мен міндеттерін көрсетеді. Осы бағдарламаның өзектілігін сипаттау барысында қазіргі уақыттағы мәселелерді шешуге бағытталғанын көрсету, балалар мен ата-аналардың нақты әлеуметтік тапсырысының ескерілуін қысқаша көрсету керек.

Бағдарламаның жалпы сипаттамасы.

Оқу бағдарламасының мазмұнындағы құндылық бағдарын ашу, бағдарламаның негізгі оқу жоспарынан алатын орны, оқушылардың жеке бас ерекшеліктері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, бағдарламаның ұзақтылығын, ұйымдастыру формалары және сабақты өткізу тәртібін көрсету.

Бағдарламаны меңгеру нәтижелері.

Бұл тарауда бағдарламаны жеке бас және пәндік игеру нәтижелері тұжырымдалады. Сонымен қатар, оларды бағдарламаның мақсат және міндеттерімен салыстыру, олардың сәйкестігін анықтау.

Тақырыптық жоспарлау.

Теориялық және практикалық сабақтардың санын, білім алушылардың негізгі қызмет түрлерін анықтай отырып, бағдарламаның ірі бөлімдеріндегі оқу сағаттарын шамалап бөлу.

Мазмұны.

Зерттеліп отырған оқу материалдарының логикалық тізімі болып табылады. Бағдарламаның мазмұны мақсаттар мен міндеттерге және негізгі оқыту бағдарламасының міндетті пәндерімен сабақтас болуын ескеру қажет.

Бағдарламада келесі сұрақарды көрсету керек: сабақтан тыс қызметті психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау, жобалық-зерттеу жұмысын ұйымдастыру, балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі мүмкіндіктері шектеулі балалармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

Бағдарламаны жүзеге асыру талаптары.

Бөлімде бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті барлық талаптардың кешені сипатталады: әдістемелік, ақпараттық, материалды-техникалық, кадрлық қамтамасыз ету.

Әдебиеттер тізімі:

- педагогке арналған әдебиеттер тізімі;
- білім алушыларға арналған әдебиеттер тізімі.

14. Ресімдеуге қойылатын талаптар.

Жұмыс Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный). Жұмыс көлемі - А-4 форматында 8-10 беттен аспауы тиіс (титул парағын есепке алмағанда). Басты бет келесі ақпаратты қамтуы қажет: байқаудың аталуы, қатысушының аты-жөні, байланыс телефоны, e-mail, білім беру ұйымының толық аталуы, облыс, қала, аудан, ауыл.

15. Байқауға әр автордан екі жұмыстан артық қабылданбайды.

16. «Әдістемелік калейдоскоп» байқауы өз мәресіне жеткеннен кейін, байқау жеңімпаздарының жұмыстары Орталықтың әдістемелік қорына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы әзірлеген жинақтарға, оқу құралдарға, әдістемелік ұсынымдарға енгізіледі.

17. Байқауды бағалау өлшемдері:

- мазмұндылығы: номинациясына, байқаудың тақырыбына, мақсатына сәйкестігі;

- өзектілігі және педагогикалық мақсаттылығы;
- тұтастығы (мақсаты мен міндеттерінің айқын тұжырымдалуы; мақсаттар мен міндеттердің күтілетін нәтижелермен, мазмұнымен, оқыту әдістері мен формаларының арасындағы өзара байланысы; әдістемелердің білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
 - әдістемелік өңделуі (автордың пайдаланған әдістері мен технологияларының негізділігі; техникалық және дидактикалық жабдықтармен қамтамасыз етілуі – оқытуға қажетті құрал-саймандар, әдебиеттер тізбесі);
 - дербес және шығармашылық тәсілдер;
 - инновациялылығы (автор ұсынған материалдың түпнұсқалық негізділігі, жаңашылдығы және қолданыстағы материалдармен салыстырғандағы артықшылығы);
 - сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру барысында дәстүрлі емес формаларды пайдалану;
 - нәтижелілігі (күтілетін нәтижелердің анықталуы, оларды бағалау өлшемдері мен тексеру тәсілдері, білім беру нәтижелерін анықтау тетігінің болуы);
 - оқу-әдістемелік жинақтармен қамтамасыз ету;
 - жұмысты ресімдеу мәдениеті.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

18. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

19. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқаларын жүктеп алу мүмкіндігімен <http://www.ziyatker.org/#!-c10hg> сайтына орналастырылады.